

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Жаратылыстану факультеті

Физикалық және экономикалық география кафедрасы

Реферат

Тақырыбы: Жайық өзеніне физикалық-географиялық сипаттама

МГГ-11 магистранты
Тексеретін:

Орындаған:

Қ.Б.Смаханова
М.Н. Мусабаява
г.ғ.д. профессор

Астана 2015

Жоспары:

1. Географиялық орны
2. Жер бедері
3. Гидрологиясы
4. Климаты
5. Топырағы
6. Жануарлары мен өсімдіктері
7. Қорытынды
8. Пайдаланылған әдебиеттер

Физика – географиялық сипаттама.

Жайық – Каспий бассейніндегі алабындағы өзен. Ақтөбе облысының шекарасымен, Батыс Қазақстан және Атырау облыстары жерімен ағады. Ұзындығы 2534 километр, бұның 850 километрі Батыс Қазақстан жерінде су жиналатын алабы, 220 мың км². Оңтүстік Орал тауының Орал тау жотасы (1580 м) етегінен басталады да Башқұртстан Республикасы, Ресейдің Челябинск, Орынбор облыстары жерімен өтеді. Каспий теңізіне аумақты атырау жасап құяды. Жауын-шашын және жер асты суларымен толығады. Бастау жағында және Батыс Қазақстан облысына енетін Оңтүстік Орал тауының шығыс беткейінде тар арнамен ағады да, жоғары Орал бөгенінен төмен тау етегіндегі жазыққа шығады. Кемерінің жарқабақтығы өне бойына сақталады. Орск қаласынан күрт батысқа қарай бұрылып, құмды қайранды аңғары кеңейе бастайды да, қазақ жеріне ене жайылмасы (ені ондаған километр) қалыптасады. Жоғары және орта ағысында Жайық 30-ға жуық салаларын қабылдайды, төменгі жағындағы шөлейт өңірде салалары азайып, көпшілігі жаз кезінде тартылып қалады. Бастауынан сағасына қарайғы ірі салалары: Таналық, Ор, Сақмар, Елек, Шаған, Өленті, Бұлдырты, Қалдығайты. Тармақтары: Көшім, Бағырлай, Бақсай. Жоғарғы және орта бөлігінде – қараша, атырауында – желтоқсан айларында мұз қатады, наурыз-сәуір айларының аралығында мұзы түсіп сең жүреді. Сәуір – мамыр айларында деңгейі шұғыл көтеріліп, тасиды, жайылмасын түгел су басады, маусым айында орташа деңгейі қалыптасады. Жылдың орташа су шығыны орта бөлігінде 104 м³/с (Орынбор қаласының тұсында), төменгі ағысында 320 м³/с (ең көбі 12100 м³/с: ең азы 13,3 м³/с). Суының лайлылығы 280-300 г/м³.

Өзенен бекіре, шоқыр, майшабақ, көксерке, кәспий қаракөзі, табан балық, сазан, жайын, т.б. балық түрлері ауланады.

Батыс Қазақстан облысындағы Жайық өзенінің аңғары, Каспий теңізінің хвалын трансгрессиясымен байланысты қалыптасқан. Төменгі хвалын теңізінің жіңішке бұғазы, Елек өзенінің құйылысы сағасына дейін жеткен (хвалындағы Жайық өзенінің сағасы). Осы жерден Атырау облысымен шекараға дейін, Жайық өзенінің ұзындығы 840 км. (Сурет-1).

Жайық өзені аңғарының бұл кесіндісінің құрылысын А.Г.Доскач (1962) зертеді. Аңғардың солтүстік бөлігі жалпақ, мұндай жайықтың саласы Елік, Утва т.б. өзендеріне де тән. Жайық аңғарының ең жалпақ бөлігі Елек сағасында байқалады. Ал Жайықтан Көшім каналы басталатын (Чапаев ауылы) бөлігінде аңғар ені 45 шақырымға жетеді. Чапаев селосынан оңтүстікке қарай, Жайық өзенінің аңғары 20 шақырымнан 10 шақырымға дейін жіңішкереді. Атамекен ауылының солтүстігінде негізгі тарам Бағырлай өзені кіретін атырау тармақталады.

Жайық өзенінің арнасының беткейінде жайылым үсті террастар дамыған. Утва өзенінің сағасының жоғарғы бөлігінде Жайықтың төрт террасы орналасқан, ал төменде Жайық арнасының беткей морфологиясы өзгеше. Жайықтың сол жағасында Сырт алды жарлы биіктік өзенге жақын

орналасқан бөлікте (бор жынысы) аңғар кенеттен жіңішкереді. Бұл жерде жоғарғы жайылым террас жоқ, кейде тек жіңішке бірінші террас байқалады. Жайықтың оң жағасында ескі көлекті оң жағалау аймақ шегінде үшінші жайылым үсті террас төмендеп, екінші жайылым үсті террас деңгейінің астына, ал Каспий маңы ойпатының шекарасында хвалын теңіз қабатының астына кіреді.

Жайық ежелден жұрт назарын өзіне аударып келеді. Бұл бір жағынан оның Европа мен Азияның шекарасы болуына байланысты. Өйткені оның сол жағасы Бұқар жағы деп аталатын. Осы атаудың өзі көптеген зерттеушілерді қызықтырып, шешілмей жатқан жұмбақтары бардай ынтықтыратын. Жайықтың өне бойына орман алабы өскен. Бұл аймақта ағаш-үлкен байлық (Чибилев, 1987).

Жайық өзенінің төменгі ағысындағы индер таулары – басты ерекшеліктерінің бірі әрине гипстен, әк пен бор тастан тұратын жатаған төбелерді Памир, Тянь-шань тауларымен салыстыруға мүлде болмайды. Бір қарағаннан-ақ олардың мүжіліп, өзінің табиғи «ғұмырының» аяқталып келе жатақаны байқалады. Алайда соның өзінде алыстан көз тартатын шоқылар, қарауытқан шатқалдары, жалаңаш жартасты беткейлері бұл таулардың да қайталанбас ерекшеліктерін көрсеткендей. Бұл жерде бір кезде теңіз болған. Ол тастарда қалған әртүрлі теңіз жәндіктерінің сыртқы кескін бейнелерінен айқын байқалады.

Жайықтың төменгі ағысы жағалаулық кеңістігі өсімдік және жануарлар дүниесіне өте бай. Мұнда күзен, түлкі, қасқыр сияқты жыртқыш жануарлар көптеп кеміргіштері кездеседі. Мұнда қарағай тым сирек, көбіне жалпық жапырақты орман аруы – аққайыңдар көктеректер өседі.

Қазіргі кезде Жайық өзені төменгі ағысы бойында суармалы шабындық жерлер мен өсімдіктер әлемі де өте бай. Сонымен қатар жайық өзенінде балқтың 50-ден астам түрлері кездеседі. Осы балықтардың бір қатары жергілікті, спорттық және кәсіптік, ал бекіре тұқымдас балықтардың аса бағалы өндірістік маңызы бар. Осы қажеттілігіне қарай Орал өңірі (өлкесі) сулары балықтардың төрт топқа бөлеміз:

- 1) аса бағалы өндірістік балықтар (бекіре тұқымдас: қортпа шоқыр, т.б.)
- 2) бағалы кәсіптік балықтар (сазан, табан, көксерке, жайын, қаракөз т.б.)
- 3) жергілікті спорттық маңызы бар балықтар (мөңкелер, алабұға т.б.)
- 4) кәсіптік маңызы жоқ қоқым балықтар.(бұзаубас, үркек, шырма т.б.)

Жаздың ортасында, Жайық толық өзінің арнасына түседі. Тасыған кезде өзінің арнасын өзгертеді, яғни бұрынғы жерде кең көлдерді қалдырып, тамыз айында Жайық қатты тайыздайды, көлдер құрғай бастайды.

Жайықтың төменгі ағысына жерсіңген ақ дөңмаңдай бағалы кәсіптік балықтарға жатады, себебі денесінің 23% майлы, еті өте дәмді болып келеді.

Жайық өзенінің Орал тауларында басталып, Каспий теңізіне құйылады, облыс көлемінде Жайыққа бірнеше тармақтары қосылады. Оңжақтағы – Емболат, Быковка, Рубежка, Шаған, Деркул. Сол жақтан – Елек, Утва, Барбастау.

Жайық өзенінің ерекшелігі төменгі ағысындағы тармақтарының Орал қаласына 25 км оңтүстігінде Барбастау өзеншесінен басқа жоқтығы. Бұл ерекшелігі Жайық өзенінің су режиміне ықпал етеді. Жайықтың тасқын суының деңгейі әр жылда әртүрлі. Су деңгейінің айырымы 7 метрге дейін барады. Соңғы 16 жыл ішінде Жайық гидрологиясында бір-ақ мәрте су деңгейі 9 м. Көтеріліп, өзеннің жақын маңындағы көлдері толып еді. Бұл 1994 жылы болатын. Далалықтағы қар жамылғысы қыста 2010 жылы орташа 25 см болғанмен сәуір, мамыр айларындағы Жайықтың су деңгейі 5 метрге жетіңкіремей қалды. Демек, тау басындағы қар қалың болмағаны, немесе қалыпты деңгейінде қар болғанмен тау етегіне таман орналасқан Ресей облыстарының 1-ші, 2-ші Орал су қоймалары және Магнитогорск, Ирикла су қоймалары толып болмағаны болса керек. Бұлар тау суын жинап алатын ірі суқоймалары, тек Ирикла су қоймасы: ұзыны – 73 км, орташа ені 18 км, орташа тереңдігі – 12 м. Қысқаша айтқанда БҚО жерінің Шалқар көлінен 3,5 есе үлкен, ал су көлемі 4 еседен астам.

Жайықтың суын, өсімдігін, жануарлар әлемі – табиғи қорын пайдаланып отырған Ресей, Башқұртстан, Қазақстан арасында трансшекаралық келісім болмай, оған қол қойылып, оны орындауға Біріккен Ұлттар ұйымы (БҰҰ) бақылау комиссия тексеруінде болмай әлемдік тұщы су – ХХІ ғасыр ең бағалы кәсіби заты ретінде және ең бағалы тіршілік көзі ретінде шектеусіз, бағасыз болып қала беретін болады. Трансшекаралық табиғи ресурсты тиімді пайдалану мәселесі РИО-92-де Біріккен ұлттар ұйымы ұйымдастыруымен өткен әлемдік экологтар съезінде (Бразилия) жан-жақты қарастырылған болатын. Қоршаған орта және тұрақты даму жөніндегі комитеттің қызметін пәрменді түрде қолдап отыру қажетілігі баса айтылғаны белгілі. Бұл мәселені «ХХІ ғасырдың күн тәртібі», деп саналатын болған. Осы, ғасырлық күн тәртібіне әрбір мемлекет өзінің Ұлттық тұжырымдамасын жасауға тиіс болған.

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, экологиялық қауіпсіздіктің табиғи-тарихи негіздері, қағидалары және стратегиялық мақсаты», экологиялық кодексі де 1996-2006 жылдары арасында өмірге келді. (журнал, Ноосфера, Жербесік 1.1996.147-158 б) Осындай маңызды, ұлттық мақсаттың тірегі болатын мәселелерді, ендігі жерде осы мәселелерді өмірге аяғынан тік тұрғызатын Қазақстан мамандары (әлемдік деңгейдегі заңгерлер, экологтар, экономистер) барлық саладан болуы керек.

Экономикасы өтпелі кезіндегі елдердегі табиғат қорғау қызметін кешенді басқарудың басшылыққа алу қағидаларында (1993 жылы Европалық экономикалық комитет (ЕЭК), БҰҰ-ң қоршаған орта жөніндегі бағдарламасында (ЮНЕП) нақты айтылған. «Қажет болған жағдайда қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау және тиімді пайдалануға байланысты өзара жауапкершілікті белгілеу мақсатында көрші елдермен екі жақты және көп жақты келісімдер немесе шарттар жасауы керек. Олар айталық шекаралық сулар және шекара мен бөлінген қоршаған табиғи ресурстары, аймақтары туралы болуы мүмкін. Сондай-ақ ақпараттармен

тәжірибе алмасуға жағдай жасалуы керек. Қажет болған жағдайда бірлескен ұйымдар құру, да қажет, оған жергілікті әкімдікті қатыстыруға болады». (Ноосфера журналы, 1.1996.91 б.)